

ӘОЖ 342.56(574):340.134

Ж.С. Шукенова

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
PhD докторанты, Қазақстан, Түркістан қ.  
E-mail: Jadira\_81@mail.ru

### Қазақстан Республикасындағы сот билігінің ұйымдық-құқықтық қағидалары және оларды жүзеге асырудағы мәселелері

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қарастырылып отырған жағдай, Қазақстан Республикасындағы сот билігінің құқықтық қағидалары және оларды жүзеге асырудағы мәселелері.

**Түйін сөздер:** сот билігі, заңдылық, Конституция, жариялылық, сот.

Сот билігі дербестігінің, маңыздылығы мен салмақты болуының негізі ретінде оның конституциялық заңдармен бекітілген және анықталған қағидалар негізінде қызмет етуі мен ұйымдастырылуы қарастырылады, яғни мемлекеттік биліктің бұл түрінің елеулі тұстарын анықтайтын басшылық етуші жетекші ережелер негізінде қызмет етеді. Бұл қағидалар еліміздегі сот билігінің жетілдірілуі мен даму тәжірибесінен туындаған [1].

Сот билігінің қағидалары бастапқы, жетекші негіз ретінде Қазақстан Республикасындағы сот билігінің дамуы мен дұрыс қалыптасуының негізгі бағыттарын анықтайды. Демек, сот билігі қызметінің қағидаларына сот билігінің табиғатын көрсететін, оның қызмет етуі мен ұйымдастырылуының бастамалық негіздерін көрсететін негізгі бастамалар жатқызылады. Өзінің негізгі мақсаты бойынша қағидалар сот билігінің қалыптасуының мәнін және оның негізгі қызметін ашатын ережелерден тұрады, оның ерекше әлеуметтік сапасын көрсетеді. Бұл ерекшеліктер сот билігін мемлекеттік биліктің басқа тармақтарынан ажыратады.

Осы қағидалар өздері көрініс тапқан нормативтік қайнар көздерге байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

1) тікелей Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қағидалар;

2) Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы Қазақстан

Республикасының конституциялық заңында бекітілген қағидалар;

3) Іс жүргізу заңнамасында бекітілген қағидалар (Азаматтық іс жүргізу кодексі және қылмыстық іс жүргізу кодексі).

Әрине, бұл жіктеу шартты сипатта болып келеді, себебі конституциялық қағидалардың басым бөлігі конституциялық заң мен іс жүргізу заңнамаларында көрініс тапқан. Сонымен бірге конституциялық заңмен сот жүйесіне қатысты бекітілген бірқатар қағидалар Конституцияда барлық мемлекеттік органдарға қатысты бекітілген. Онымен бірге жекелеген қағидалар бір ғана бапта көрініс таппай барлық Конституция мен конституциялық заң ережелерін қамтиды.

Сот билігінің ұйымдастырылуы мен қызмет етуіне қатысты қағидалардың басым бөлігі Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан, оның ережелерінде сот билігінің негізгі мақсаттары мен сот төрелігі қағидалары көрсетіледі. Бұл ережелерді соттар заң нормаларын қолдану кезінде басшылыққа алуы тиіс. Сот билігі қағидаларының негізгі мақсаты – адам және азаматтарды, халықты қорғау үшін, сонымен қатар құқықтық қорғауды қажет ететін өзге де субъектілердің құқықтарын қорғау мақсатында соттың қарауындағы істерді заңды және әділ шешу болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығында сот төрелігінің негізгі қағидалары өзінің құқықтық тұрғыдан бекітілуін ең жоғары деңгейде тапқан –

ол Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларында бар. Бұл дегеніміз Конституция нормаларының жоғары деңгейде екендігін және оның тікелей қолданыста болатындығын, бұл заң актісінің жоғары заңды күші бар екендігін көрсетеді. Оның ережелерін Қазақстан Республикасының барлық субъектілері, атап айтқанда, мемлекет пен оның органдары, сот процесіне қатысушылар, сонымен қатар соттардың өзі мүлтіксіз орындауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясында және өзге де заңдарда қарастырылған қағидаларды екі топқа бөліп қарастыруға болады:

- 1) әділсотты қамтамасыз ететін қағидалар;
- 2) сот билігінің мазмұны мен сипатын алдын ала анықтайтын қағидалар.

Бірінші топқа төмендегі қағидаларды жатқызуға болады: сот төрелігінің тек соттармен жүзеге асырылуы; сот билігінің тәуелсіздігі және дербестігі; соттардың тәуелсіздігі, олардың ауыспайтындығы және т.б. қағидалар.

Екінші топты төмендегі қағидалар қалыптастырады: Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары деңгейде болуы мен оның тікелей қолданылуы; заңдылық қағидасы; сот қызметінің ашық болуы; барлығының сот пен заң алдында тең болуы; тараптардың теңдігі; сот өндірісінің мемлекеттік тілде жүргізілуі; әділ сотты жүзеге асыруда азаматтардың қатысуы.

Маңызды қағидалардың бірі ретінде сот төрелігін тек соттармен жүзеге асыру қағидасы қарастырылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы). Бұл қағидаға сәйкес сот төрелігін тек соттар ғана Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасындағы соттар жүйесі және соттар мәртебесі туралы заңның және тағы басқа заңдарды басшылыққа ала отырып жүзеге асыра алады. Конституция мен басқа да Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылмаған соттарды құруға жол берілмейді.

Соған сәйкес сот төрелігін тек соттармен жүзеге асыру қағидасын бекітудің ерекше тарихи маңыздылығы бар және олар Қазақстан Республикасының демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде қызмет ету кепілдігін қалыптастыруға бағытталған. «Сот билігі және сот өндірісі» ажырамайтын ұғымдар деп К.Х. Халиков дұрыс көрсетеді. Сот өндірісін формалды түрде сот билігінің сыртқы процессуалдық нысаны ретінде қарастыруға болмайды. Сот

төрелігін ұйымдастырудың демократиялық қағидасы дербес мазмұн ретінде жүзеге асырылатын заңмен бекітілген ережелерді қамтиды.

Қазақстан Республикасындағы әділ соттың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін келесі жетекші қағидалардың бірі – сот билігінің дербестігі мен тәуелсіздігі. Бұл маңызды қағида еліміздің мемлекеттік және құқықтық жүйесіндегі сот билігінің рөлін көрсетеді, сонымен қатар бірыңғай мемлекеттік билікті бөлу жүйесінде сот билігінің ережелерін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабына сәйкес еліміздегі мемлекеттік билік бір-бірімен өзара байланыста болатын заң шығарушы, атқарушы және өкілетті мемлекеттік билік тармақтары негізінде жүзеге асырылады. Бірыңғай мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және өкілетті тармақ органдары өздерінің конституциялық құзыреттілігі шегінде дербес болып келеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы конституциялық заңның талаптары бойынша Қазақстан Республикасында сот билігі дербес болып келеді және заң шығарушы және атқарушы органдардан тыс әрекет етеді: соттар әділ сотты жүзеге асыруда тәуелсіз болып келеді, ол Конституция мен заңдарға ғана бағынуы тиіс. Қандай да болсын мемлекеттік органдар тарапынан соттардың әділ сотты жүзеге асыру бойынша қызметіне араласуына жол берілмейді және ол заңмен қудаланады. Нақты қарауындағы істер бойынша соттар ешқандай органдарға есеп бермейді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы сот билігі толық мағынада мемлекеттік биліктің дербес тармағы болды: соттар басқа да мемлекеттік органдардың құрамдас бөлігі болып табылмайды. Сөйте тұра, сот билігінің табиғаты да түбегейлі өзгерді.

Соттардың тәуелсіздігі қағидасы жаңа мемлекеттегі соттардың мәртебесін көрсететін қағида болып табылады. Бұл қағида Біріккен Ұлттар Ұйымының жетінші конгресінің материалдарында толығымен қарастырылған. Бұл конгресс қылмыстылықтың алдын алу бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясымен келісілген және 13 желтоқсан 1985 жылы «Сот органдарының тәуелсіздігіне қатысты негізгі қағидалар» мен «Оларды жүзеге асырудың тиімді жолдары»

атауымен өткізілді. Конгреске қатысушылар мен Бас Ассамблея соттардың басқа мемлекеттік және қоғамдық органдарға қатысты соттардың институционалды және ұйымдастырушылықтарының тұтастығын ажырамау қажеттігін айтқан. Осы қағиданың мазмұны – өзін-өзі басқаратын дербес мемлекеттік органның қалыптасуында болатын, бұл органның атқаратын қызметін басқа ешқандай мемлекеттік немесе қоғамдық органдарға атқаруға жол бермеу, басқа органдарды сот органдарының қызметіне араластырмау. Олар, яғни сот органдары әділ сотты жүзеге асыруда тек заңға тәуелді болуы тиіс және барлық мәселелерді тек заң нормалары негізінде шешуі қажет.

Сот билігінің дербестігі қағидасының түбегейлі түсінігі бойынша оның билігі конституциямен бекітілген қайнар көзі – халықтың еркімен шектелетіндігін білдіреді, олар конституциялық нормалар мен заңдарда көрініс тапқан. Сонымен қатар сот билігі БҰҰ Халықаралық пактілерімен бекітілген адам құқықтары туралы халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормалар және қағидаларымен, Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық келісімшарттармен шектеледі.

Сот билігі әділ сотты жүзеге асыру бойынша өз қызметін басқа мемлекеттік органдардан тәуелсіз және дербес түрде ұйымдастырады. Нақты істерді қарау процедурасына судьялардың өкілеттілігі жоқ ешбір субъект тартылмайды. Бұл жағдайда судья мемлекеттік билік өкілі ретінде қатысады. Өзіне жүктелген билікке байланысты бойынша ол нақты іс бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттерінің ауқымын анықтайды және сол іс бойынша мемлекеттің атынан шешім қабылдайды. Сөйтіп, сот дербестігі оның құзыреттілігімен ғана шектеледі, ол құзыреттілік Конституция және Қазақстан Республикасының заңдарымен алдын ала бекітілген. Сонымен қатар сот істі шешу кезінде заңдарды қолдану, дәлелдемелерді зерттеу, шешім қабылдау кезінде де басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан тәуелсіз болып келеді. Бұл жерде билік органы ретінде соттардың дербестігі басқа мемлекеттік билік тармақтарының қызметтерінің нәтижелеріне құқықтық бағалау бойынша әрекет етуінде, нақтырақ айтсақ, олар қабылдаған заңға

тәуелді актілерге құқықтық баға беру бойынша байқалады. Соттардың бұл актілердің күшін тоқтату бойынша өкілеттіліктері болады, демек, егер заңға тәуелді актілер Конституция мен Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келген реттерде сот оларды жарамсыз деп тануға құқылы. Бұл жерде нормативтік-құқықтық актілер мен мемлекеттік органдардың әрекеттерін даулау бойынша істерді қарау соттар қызметінің дербес бағытын құрамайды, бұл әрекеттер әділ сотты жүзеге асыру кезінде жүзеге асырылады және талап арыз өндірісі бойынша өтеді [2].

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңының 26-бабымен судьялардың тәуелсіздігінің негізгі кепілдіктерінің тізімі бекітілген. Бұл ережеге сәйкес судьялардың тәуелсіздігі заңмен белгіленген әділ сотты жүзеге асыру процедурасы арқылы, әділ сотты жүзеге асыруға байланысты соттардың қызметіне араласқаны үшін жауапкершілікке тарту арқылы, соттар мен судьяларды сыйламағандығы үшін жауапкершіліктің қарастырылуы, Конституция және Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңымен судья қызметіне тағайындау, сайлау және судья қызметін тоқтату тәртібінің еңгізумен, судьяларға мемлекет тарапынан материалдық көмек көрсетуі, оларды мемлекет тарапынан әлеуметтік қамтамасыз ету мәртебе жағдайының едәуір нашарлауына жол бермеуге байланысты нормаларды бекіту арқылы байқалады.

Қазақстан Республикасындағы барлық судьялар олардың деңгейіне және қай сатыдағы судья болуына қарамастан өз өкілеттіліктерін жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңының 23-бабының 1-тармағына сәйкес бірінші мәртебеде болады. Бұл заң құжатына сәйкес Қазақстан Республикасындағы барлық соттардың судьясы бір мәртебеде болады және өзара тек өкілеттіліктері бойынша ажыратылады. Судьялар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңымен бекітілген тәртіп бойынша әділ сотты жүзеге асыру бойынша өкілеттілікке бөленген, өз

міндеттерін тұрақты негізде жүзеге асырып сот билігінің өкілі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңында тәуелсіздік кепілдіктеріне ерекше мән берілген, бұл ережелерге сәйкес соттарға материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету шаралары қарастырылған. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңының 3-тарауына сәйкес судьяларды материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету оның мәртебесіне сәйкес келуі тиіс және судья әділсотты толық көлемде жүзеге асыру үшін жағдай туғызатындай болуы тиіс, сонымен қатар мұндай кепілдіктер ешқашан аз болмауы тиіс. Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде заң әдебиеттерінде «судьялардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуы сыбайлас жемқорлық белгілерін болдырмауға, судьялар ешқандай кедергілерсіз жұмыс жасауы үшін, тұрғын үй мәселесін уайымдамай жұмыс жасатуға бағытталған» деген дұрыс пікірлер айтылады [3]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстандық судьялардың IV съезінде айтқан сөздеріне ерекше мән берген жөн. Онда елбасы былай деген: «Мемлекет соттардың материалдық жағдайын жақсарту үшін барлық мүмкіндіктерді қарастыруда және болашақта да қарастырады». Дегенмен соттарда кез келген заң бұзушылық әлеуметтік жеңілдіктердің барлығынан айыратындығын білген жөн. Бұл ережені біздің заңдарға қосып қарастыру қажет [4].

Соттардың ауыспауы қағидасын олардың тәуелсіздігінің элементі ретінде қарастыруға болады. Бұл қағида Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңының 24-бабында қарастырылған. Бұл қағиданың мазмұны бойынша соттар Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңы ережелеріне сәйкес қызметке тағайындалады және сайланады, тұрақты негізде өз өкілеттіліктеріне бөленеді. Бұл ереже соттардың ешқандай сайлау өткізбей анықталмаған мерзімге тағайындалатындығын білдіреді. Оларды қайта сайлауға немесе қайта тағайындауға болмайды. Судьялардың ауыспауы қағидасы Қазақстан Республикасындағы бар-

лық судьяларға қатысты қолданылады. Судьялардың өкілеттіліктері тек Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы конституциялық заңның Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңында қарастырылған негіздер бойынша ғана тоқтатылады немесе уақытша тоқтатылады. Демек, судьялардың ауыстырылмауы қағидасы олардың өкілеттіліктерінің өздерінің еріксіз тоқтатылмайтындығын білдіреді.

Судьяларға қатысты қойылатын талаптардың басым бөлігін екінші топтағы қағидалар жиынтығы ашады, жоғарыда айтылғандай бұл қағидалар сот билігінің жүйесі мен сипатын ашады. Бұл қағидалардың түбегейлі сипаты сот жүйесінде қолданылатын барлық қағидалармен тығыз байланыста болуында. Негізгі қағида ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғарғы деңгейде болуы қағидасы мен заңдылық қағидасын ашып көрсетуге болады.

Қарастырылып отырған қағидалар соттардың қызметінің сипаты мен олардың ұйымдастырылуын көрсетеді. Айталық, Қазақстан Республикасының сот жүйесі Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен соттардың мәртебесі туралы Конституциялық заңымен анықталады. Конституциялық пен заңдылық қағидаларының басқа көрінісі әділсотты жүзеге асыру механизмінің құқықтық ұйымдастырушылық талаптарынан байқалады. Оның негізгі мақсаты – қолданыстағы заңнамалардың конституциялық ережелер мен заңмен белгіленген сот процедурасына қайшы келмеуінде.

Демек, заңдылық ұғымын жаңаша көзқараста түсіну үшін құқық шығармашылық, құқық қолданушылық және құқық қорғаушылық аспектілердің жиынтығынан тұратын кең мағынада қарастырған жөн.

Заңдылық қағидасы сот билігін ұйымдастырумен қатар оның қызмет етуі, судьялардың құқықтық мәртебесін бекітуде, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін қағидаларды жүзеге асыру кезінде көрініс табады.

Заңдылық қағидасын жүзеге асыру Конституция мен заңдардың бұзылған нормаларын қалпына келтірумен және

осындай заң бұзушылықтарды болдырмауға бағытталған әрекеттермен байланысты. Бұл жерде сот шешімдерінің профилактикалық рөлі байқалады. Заңдылық қағидасы, сонымен қатар соттар істерді қарауда тек заңдарды ғана басшылыққа алуы тиіс деген ережемен де тығыз байланысты болып келеді. Әділсотты жүзеге асыру кезінде соттар материалдық және процессуалдық заңнама талаптарын мүлтіксіз орындауы тиіс. Заңдардың өрескел бұзылуы шығарылған сот шешімінің күшін жоюмен қатар осы шешімді қабылдауға қатысқан судьяның тәртіптік жауапкершілігін қарастырады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғарылығы, оның жоғары заңды күшінде болуы мен Қазақстан Республикасының аумағында тікелей қолданылуы сот билігі органдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Сол себепті қарастырылып отырған қағиданың көрінісі ретінде заң шығару, атқарушы биліктің, жергілікті өзін өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер мен лауазымды тұлғаларға қатысты конституциялық бақылау жүргізуді айтуға болады. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы ең маңызды қағидалардың бірі ретінде судьялар қызметінің ашық болуы, сот өндірісінің ашық жүргізілуі қарастырылады.

Сот талқылауының ашық болуы қарауға жататын істің жүргізілуіне қатысқысы келетін кез келген азамат біреудің арнайы рұқсатынсыз сот мәжілісіне қатысуға құқылы екендігін білдіреді. Сот мәжіліс залына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатыса алады.

Жариялылық қағидасының ажырамас бөлігі ретінде белгіленген тәртіпте қабылданған сот шешімдерінің қол жетімді болуы қағидасы қарастырылады. Сот талқылауының кез келген қатысушысы жарияланған шешімнің көшірмесін немесе үзіндісін алуға құқылы, сонымен қатар кез келген азамат егер қаралған іс оның құқықтары мен заңды мүдделеріне қалай да болсын әсер еткен жағдайда қорытынды сот шешімінің көшірмесін алуға құқылы. Жариялылық, сот қызметінің ашық болуы қағидалары сот органдарының қызметіне қоғам тарапынан бақылау жасауға мүмкіншілік береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабына сәйкес барлығы сот пен заң алдында тең құқылы. Барлық азаматтардың сот

пен заң алдында тең құқылы болу қағидасы және осы қағидамен байланысты тараптардың сот процесіндегі теңдігі мен жарыссөздігі қағидалары сот өндірісіндегі қандай да болсын адамдар арасында басымдылық бермеуді қарастырады, яғни барлық адамдар олардың ұлты, жынысы, әлеуметтік жағдайы мен тұрғылықты жеріне, дінге сыйынуы, қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуына қарамастан тең дәрежеде болуын білдіреді. Демек, азаматтар үшін сот процесіне қатысуға қолжетімділікті қамтамасыз ету, соның ішінде сот өндірісінің ресми тілін білмейтін азаматтар үшін жағдай жасау, құқықтық көмек алуға материалдық мүмкіндіктері жоқ азаматтарға мүмкіндіктер жасау міндеті болып табылады.

Сот өндірісінің жарыссөзді болуы нақты іс бойынша сот өндірісінің мүдделі жақпен немесе мемлекет атынан қылмыстық қудалау органдарымен бастамалы болуын білдіреді. Бұл реттерде сот қаралуға жататын іске қатысқысы келетін барлық азаматтарға процессуалдық нормаларға сәйкес мүмкіндік береді. Нақты іс бойынша сот өндірісін жүзеге асыру кезінде сот тараптар үшін олар өздерінің дәлелдемелерін ұсыну өздерінің ұстанымдарын дәлелдеу бойынша, сот өндірісіне қатысушылардың жарыс сөздерін даулау оларға қарсылық білдіруге мүмкіндік береді. Сот тараптардың келтірген ұстанымдарына байланысты болмайды, ол арбитраждық қызмет атқарады және өз шешімін тараптар келтірген ұстанымдарды зерделеу нәтижесінде қабылдауы тиіс [5].

Сонымен бірге сотқа қатысушылардың теңдігі мен жарыссөзді болуы қағидасын қамтамасыз ету мемлекеттік айыптаушылар мен жоғары сатыдағы прокурорлардың сот шешімдерін қайта қарау бойынша процессуалдық өкілеттіліктерін нақтырақ қарауды қажет етеді [6].

Судья қызметінде әділсотты жүзеге асыру, қазақстандық азаматтардың бұл қағиданы жүзеге асырудың жалғыз нысаны емес. Азаматтардың сот өндірісіне қатысуы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясымен қамтамасыз етіледі. Сот билігінің негізгі қағидасы ретінде азаматтардың әділ сотты жүзеге асыруға қатысуы қарастырылады. Қазақстан Республикасының азаматтары әділ сотты жүзеге асыруға құқылы (Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының

2-тармағы). Бұл қағида сот мәжілістеріне азаматтардың алқабилер құрамында қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 2-тармағына сәйкес қылмыс жасаған деп айыпталған тұлға заңда белгіленген тәртіпте сот өндірісін алқабилердің қатысуымен қарауды талап етуге құқылы. Осыған байланысты Қазақстанда 16 қаңтар 2006 жылы «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды және қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен белгіленген қылмыстық іс жүргізу процедурасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Алқабилердің қатысуымен өткізілетін сот процесінің даму мәселелерін қарастыруда бұл институттың пайда болу тарихына аса мән берген жөн. Бүгінгі күні сот өндірісінің демократиялық нысаны ретінде қарастырылатын бұл институттың тарихы сонау ежелгі кезеңге кетеді. Біздің ғасырымызға дейін бесінші ғасырда Афин мемлекеті жүз жылдан астам демократиялық режимде тұрып әділсотты жүзеге асырудың өркениетті тәртібіне сәйкес келетін нысанын ойлап табуды қажет етті. Олар сот өндірісінің қолайлы тәртібін тапты.

Алқабилер соты ғана әділсоттың демократиялық тұрғыда жүзеге асырылуына ықпал етеді, судьялардың шынайы тәуелсіздігі мен қылмыстық іс жүргізудегі азаматтардың құқықтарының қорғалуының кепілдігі. Алқабилердің қатысуымен өткізілетін қылмыстық сот өндірісі, сонымен бірге еліміздегі әділсоттың гуманизациялануына ықпал етуі тиіс, бұл өз кезегінде демократиялық-құқықтық мемлекеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақстанда тиімді сот жүйесін қалыптастырудағы негіздердің бірі әділсот саласында әлемдік қауымдастықпен қалыптастырылған халықаралық құқық қағидалары. Дегенмен сот жүйесі мен сот өндірісі саласындағы өзгерістер құқық қолдану тәжірибесінде ақырғы қадам жасамады және Қазақстан Республикасындағы әділсоттың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етпеді. Осыған байланысты біздің көзқарасымыз бойынша заң әдебиеттерінде концептуалды және жекелеген жағдайларда ұлттық қылмыстық іс жүргізу заңнамасы өзінің дамуында конституциялық өзгерістерден қалыс қалғандығы көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген ере-

желер қылмыстық қудалау органдарының объектісіне түскен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуге байланысты стандарттарға қатысты халықаралық актілерге сәйкес келе бермейді.

Сонымен бірге өркениетті әлемнің ажырамас бөлігі бола отырып, барлық мемлекеттер өздерінің құқықтық жүйесін халықаралық құқықпен өзара байланыста болатындай етіп қалыптастырғысы келеді. Мұндай бағыт еліміздің түрлі халықаралық органдар мен ұйымдарға мүше болуынан және маңызды халықаралық актілерге қосылудан байқалады. XX ғасырдың ортасында әділсотты жүзеге асырудағы негізгі қағидалар халықаралық құқықтық деңгейде танылып бекітілді. Әділсот саласындағы қағидалар халықаралық құқықтық деңгейде көрініс тапқан ең алғашқы халықаралық актілердің бірі ретінде адам құқықтары туралы Халықаралық декларация танылады (1948), онда барлық мемлекеттер үшін әмбебап сипаттағы қағидалар көрініс тапқан. Декларацияның мәтініне барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі, әрбір азаматтың тиімді құқықтық көмек алу қағидасы, әділсотқа қолжетімділік және тағы басқа азаматтардың соттағы және құқық қорғау органдарында құқықтарын қорғайтын қағидалардың негіздері көрсетілген.

Әділсоттың ұлттық жүйесі қызметі мен оны ұйымдастыру, олардың органдары мен әділсотты жүзеге асыруға құзыретті тұлғалардың құқықтық жағдайын анықтауға деген талпыныс ежелгі халықаралық актілерде орын алған, солардың бірі ОБСЕ-де қабылданған халықаралық актілер.

Айтап айтқанда, 1989 жылғы Венадағы қорытынды кездесу құжатында әділсоттың әмбебап болуы, нақты азаматтың ісі бойынша арызды қарайтын сот сатысы сол іс бойынша шешімін жариялау, сот шешімінде негіздеме көрсетіледі. Әділсотты жүзеге асыру идеясы ОБСЕ-де 1990 жылғы адамзаттық өлшем бойынша Конференцияда Копенгагтық жиын құжатында көрініс тапқан.

Сонымен бірге әр мемлекетте тиімді және гуманды сот жүйесін құру міндеттерінің ерекше маңыздылығын ескере отырып, халықаралық қауымдастық бірқатар арнайы актілерді қабылдады, олардың әрқайсы ұлттық заңнама үшін халықаралық құқықтық негіз болып табылады. Бұл актілердің қатарына 1985

жылы Милан қаласында қылмыстылықтың алдын алу мен құқық бұзушылыққа қарсы күрес бойынша БҰҰ XII Конгресінде қабылданған сот органдарының тәуелсіздігі жайлы актілер. Бұл қағидалар 1985 жылғы 29 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен мақұлданған. Бұл құжатта сот жүйесін қалыптастырған мемлекет және соттармен қарым-қатынаста болатын мемлекеттік органдарға, сот билігін жүзеге асыратын соттар мен судьяларға талаптар қойылған. Қатысушы мемлекеттерге жолданған негізгі қағидалар ретінде мыналар қаралған: әділ сотты жүзеге асыру үдерісіне басқа мемлекеттік органдар тарапынан озбырлықпен араласуға жол бермеу қағидасы; кез келген соттың шешімін қайта қарауға айрықша құқық беру қағидасы; сот органдарының тәуелсіздігінің мемлекетпен қамтамасыз етілуі қағидасы, соның ішінде бұл қағиданы мемлекеттің ішкі заңдарында, конституциясында бекіту қағидасы; мемлекеттік және басқа мекемелердің сот органдарының тәуелсіздігі қағидасын сақтауы және басқа да қағидалар.

Қорыта келе, сот билігінің дербестігі конституциялық қағида ретінде үлкен әлеуметтік маңыздылықты иеленеді, себебі әділ сотқа арнайы құқықтық режимде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл қағида адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған.

### Әдебиеттер

- 1 Сагиндыкова А.Н. Конституционное право РК: Курс лекций. – Алматы: Білім, 1999. – 366 б.
- 2 Жаилганова А.Н. Правовые основы судебной власти в Республике Казахстан: Автореф... канд.юрид.наук. – Алматы, 2002. – 27 б.

3 Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий / Под ред. Г.С. Сапаргалиева. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 584 б.

4 Доверие к суду – гарантия реформ. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на IV съезде судей Республики Казахстан // Казахстанская правда. – 2005. – 4 июня.

5 Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть общая: Академический курс / Под ред. Толеубековой Б.К. Книга первая. – Алматы: ТОО Издательская компания «НАС», 2004. – 416 б.

6 Конжуганова Д. Участие граждан в осуществлении правосудия в Республике Казахстан // Фемида. – 2011.- №3. – 20 б.

### References

- 1 Sagindikova A.N. Konstitusionnoe pravo RK: Kyrsl eksii. – Almati: Bilim, 1999. – 366 b.
- 2 Jailganova A.N. Pravovie osnovi sydebnioi vlasti v Respyblike Kazaxatan: Avtoref ... kand .. hbl. nauk. – Almati, 2002. – 27 b.
- 3 Konstitysay Respybliki Kazaxatan. Nayshno-praktisheskii komentarii / SILIQUA rubrum. G.C. Sapargaliev. – Almati: Jeti jargi, 2004. – 584b.
- 4 Doverie k sydy – garantay reform. Vistyplenie Prizedenta RK N.A. Nazarbaeva na IV siezde RK // Kazaxstanskay Pravda. – 2005. – 4 iunay.
- 5 Ygolovno-prosesyalnoe pravo RK. Shast obshay: Akadimisheskii kyrs / SILIQUA rubrum. Toleibekovoi B.K. Kniga pervay. – Almati: PRAENIMIS Izdatelskay kompaniy «net», 2004. – 416 b.
- 6 Konjyganova D. Yshastie grajdan v osyshestvlenii pravasydie v RK // Femida. – 2011. – № 3. – 20 b.

Ж.С. Шукенова

#### Организационно-правовые принципы судебной власти Республики Казахстан и проблемы их реализации

В статье рассматриваются вопросы относительно организационно-правовых принципов судебной власти Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** судебная власть, законность, Конституция, гласность, суд.

J.S. Shukenova

#### Organizationally legal principles of department judicial of Republic of Kazakhstan and problem of their realization

In the article examined, questions relatively organizationally legal principles of department judicial of Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** in the article examined, questions relatively organizationally legal principles of department judicial of Republic of Kazakhstan.